



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар, дара
кәсіпкерлерлік субъектілер, филиалдар және
шетелдік заңды тұлғалар филиалдары санының
негізгі көрсеткіштері*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (бұдан әрі - ҚР ҰЭМ СК)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Казанкапова Сауле Сериккалиевна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Исаев Дархан Әбдірахманұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі,
4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

s.kazankarova@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 92 89

S.2 Өзектілік- кіріспе

Қазақстанның экономикалық статистикасы саласында орталық орынды статистикалық бизнес-тіркелімі алады. Статистикалық бизнес тіркелімі (бұдан әрі - СБТ) Қазақстанның ресми статистикасының ажырамас құрама бөлігі болып табылады. Оның құқықтық мәртебесі «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталған. СБТ статистикалық байқауларды үйлестіру мен ұйымдастырудың ең тиімді құралы болып танылған. Мазмұны бойынша СБТ деректер қоры арнайы түрмен ұйымдастырылған және жүйеленген экономикалық субъектілердің тізімін береді: заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерліктің субъектілері. Тіркелімді жасау міндеті 1993-1996 жылдарға жасалған Ресми статистиканы қайта құру бағдарламасымен анықталған, осыған сәйкес 1994 жылы Қазақстан Республикасындағы шаруашылық және басқа субъектілердің Мемлекеттік тіркелімі құрылды. Әділет министрлігінде заңды тұлғалардың Мемлекеттік тіркелімін құрғаннан кейін, 1996-1998 жылдарға мемлекеттік статистиканы жетілдірудің екінші бағдарламасын жүзеге асыру барысында Әкімшілік тіркелім, одан соң 1997 жылы Мемлекеттік статистикалық тіркелім құрылды (Статистикалық бизнес-тіркелім). Кәсіпорын статистикасы саласындағы халықаралық стандарттармен және ұсыныстармен СБТ құрылымы және мазмұны анықталады. 1-СР статистикалық нысаны (экономикалық қызмет түрі, қызметкерлер санын және байланыс деректері бөлігінде) СБТ өзектілендіруге арналған.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

27.09.2019

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

27.09.2019

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

27.09.2019

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

1-СР статистикалық нысаны (экономикалық қызмет түрін, қызметкерлер санын және байланыс деректерін бойынша) Статистикалық бизнестіркелімін өзектілендіруге арналған. Сонымен қатар 1-СР статистикалық нысаны негізінде "Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлерлік субъектілер, филиалдар және шетелдік заңды тұлғалар филиалдары санының негізгі көрсеткіштері" бюллетені қалыптастырылады және жарияланады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЗТ МДҚ) түсетін электрондық хабарламалар, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ МКК) ақпараттық жүйесінен түсетін ақпараттар негізінде СБТ қалыптастырылады

ЗТ МДҚ-дан Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) аумағында қайта тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктер және өз қызметін бірлескен кәсіпкерлік нысанында жүргізетін дара кәсіпкерлер (БДК), сонымен қатар өзгерістер (басшылардың, жеке меншіктердің, атауының, мекенжайының және басқасының өзгеруі) туралы ақпараттар келіп түседі.

ҚР ҚМ МКК-дан дара кәсіпкер (ДК) нысанында қызметін жүзеге асыратын тіркелгендер және дара кәсіпкерлердің есептен шығуы туралы ақпарат келіп түседі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (5-таңбалы ЭҚЖЖ)

S.4.3 Секторлық қамту

Есептік кезеңде тіркелген, ағымдағы жылдың 1-3 тоқсанында 2-ШК «Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп» статистикалық нысанын тапсырғандарды қоспағанда, қызметкерлерінің саны 100 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар ұсынады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

СБТ-ны жыл сайынғы өзектілендіруді ҚР ҰЭМ СК тіркелімдерді жүргізу жөніндегі жауапты басқармасының қызметкерлері жылдық статистикалық нысандардың негізінде жүргізеді.

Жылдық статистикалық нысандар деректерінің негізінде СБТ-ны өзектілендіру үшін әрбір есеп тапсырған бірлік бойынша қызметтің статистикалық нысанынан қосалқы түрлері жөнінде мәліметтер және экономикалық көрсеткіштер енгізілетін бөлек файл қалыптастырылады:

- 1) «Еңбек бойынша есеп» (1-Т);
- 2) «Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп» (2-МП);
- 3) «Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» (1-ПФ);
- 4) «Сауда, қоғамдық тамақтандыру және автокөлік құралдарын жөндеу саласында қызмет көрсететін кәсіпорынның есебі» (1-ВТ);
- 5) «Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп» (2-қызмет көрсету);
- 6) «Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп» (1-СР)

Файлдан алынған мәліметтер СБТ-дан алынған деректермен талданады және салыстырылады, қайшы келетін ақпараттар түзетіледі немесе жойылады.

Пысықталған мәліметтер негізінде ҚР ҰЭМ СК тіркелімдерді жүргізу жөніндегі жауапты басқармасының қызметкерлері СД тіркелімдер басқармаларымен бірлесе отырып, СБТ-ны өзектілендіруді жүргізеді.

Анықтамалар:

- 1) кәсіпорын қызметінің негізгі түрі – қосылған құны субъекті жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа қызмет түріне қосылған құннан асатын қызмет түрі;
- 2) қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін азық-түліктерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгі қызметтен өзге қызмет түрі.

S.4.5 Статистикалық объект

Бюллетенде СБТ-да көрсеткіштер енгізілген, онда ҚР Әділетминінде тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен заңды тұлғалардың, филиалдар және өкілдіктер және ҚР ҚМ МКК тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен дара кәсіпкерлердің тізімі бар.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жаппай тексеру әдісі

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар, астана).

S.4.8 Қамту уақыты

1999 жылдан бастап.

S.4.9 Базалық кезең

Қолданылмайды

S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

S.6 Есепті кезең

ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
5. "Статистика органдарында статистикалық бизнес-тіркелімді өзектендіру және зерттелетін бірліктердің каталогын қалыптастыру жөніндегі әдістеме" (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы «24» маусымдағы № 96 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 11718 болып тіркелген. Әдістеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Негізгі / Әдіснама / Тіркелімдер жүргізуге арналған зерттеулер бөлімінде және www.adilet.zan.kz сайтында қолжетімді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы;
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты турату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді (ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайты).

S.10 Тарату жиілігі

ай

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы шығарылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

"Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлерлік субъектілер, филиалдар және шетелдік заңды тұлғалар филиалдары санының негізгі көрсеткіштері" бюллетені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында ай сайын Ресми статистика / Салалар бойынша / Кәсіпорын статистикасы / Бюллетень бөлімінде жарияланады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" АТЖ / Кәсіпорын статистикасы

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

"Статистика органдарында статистикалық бизнес-тіркелімді өзектендіру және зерттелетін бірліктердің каталогын қалыптастыру жөніндегі әдістеме" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы «24» маусымдағы № 96 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 11718 болып тіркелген. Әдістеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Негізгі / Әдіснама / Тіркелімдер жүргізуге арналған зерттеулер бөлімінде және www.adilet.zan.kz сайтында қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

1-СР нысаны бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау;

- стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық).

S.13.2 Сапаны бағалау

Комитет халықаралық ұйымдардың сұраулықтарын толтырады: Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуразиялық экономикалық комиссия, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық статистикалық комитеті.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

ҚР ҰЭМ СК құрылымдық бөлімшелері, аумақтық статистика органдары, мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Статистика комитеті жыл сайын "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларына жыл сайын сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 120 910 заңды тұлғалар тіркелген (оның ішінде меншік нысаны бойынша: мемлекеттік 22 254, жеке 96 263, шетелдік 2 393). 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 433 774 заңды тұлғалар тіркелген (оның ішінде меншік нысаны бойынша: мемлекеттік 26 483, жеке 381 972, шетелдік 25 319).

Осы кезеңге тіркелген заңды тұлғалар саны 3,5 есе немесе 312 864 заңды тұлғаларға көбейген (оның ішінде меншік нысаны бойынша: мемлекеттік 0,1% немесе 4 229, жеке – 4,5 есе немесе 285 709, шетелдік – 10,5 есе немесе 22 926 заңды тұлғалар көбейген.)

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Бастапқы нәтижелерді өндеуге шығындалған уақыт, респондерттер ұсынған мерзімнен бірінші жарияланымға дейін орташа 10 күнді құрайды. Алғашқы нәтижелер ай сайын 10-на дейін жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығару күндері "Статистикалық жұмыс жоспарында" және "Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде" бекітілген және жарияланған, ҚР ҰЭМ СК-нің www.stat.gov.kz сайтының Негізгі / Негізгі құжаттар бөлімінде орналасқан.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Бастапқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР ҰЭМ СК-нің Төрағасының жылсайынғы бұйрығымен бекітілетін "Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне" сәйкес жарияланады және таратылады. Жарияланым мерзімі Ұлттық экономика Министрінің жылсайынғы бұйрығымен бекітілетін және ҚР Әділетминінде тіркелетін "Статистикалық жұмыс жоспарында" белгіленген. Нақты және жоспарлы күндері сәйкес келеді, 2019 жылы жарияланым мерзімін бұзу болмады. Егер жариялау демалыс және мереке күндері келіп түссе, жарияланымды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Заңды тұлғалар , филиалдар және өкілдіктер бойынша динамикалық көрсеткіштер 1999 жылдан бастап салыстырылады және үзілмейді

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

СБТ-дағы ақпаратты: мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар, сонымен қатар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуразиялық экономикалық комиссия, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық статистикалық комитеті қолданады.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Бюллетеннің негізгі пайдаланушылары аумақтық статистика органдары олар өз кезегінде өздерінің аймақ бөлігінде бюллетеньді қалыптастырады.

S.19 Жүктеме

Жинау респонденттің қалауы бойынша электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Деректерді жинау он-лайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау.

Басқа зерттеулермен қайталанбайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

1-СР статистикалық нысаны (экономикалық қызмет түрін, қызметкерлер санын және байланыс деректерін бойынша) Статистикалық бизнес-тіркелімін өзектендіруге арналған. Сонымен қатар, 1-СР статистикалық нысаны негізінде "Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлерлік субъектілер, филиалдар және шетелдік заңды тұлғалар филиалдары санының негізгі көрсеткіштері" бюллетені қалыптастырылады және жарияланады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЗТ МДҚ) түсетін электрондық хабарламалар, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ МКК) ақпараттық жүйесінен түсетін ақпараттар негізінде СБТ қалыптастырылады.

ЗТ МДҚ-дан Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) аумағында қайта тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктер және өз қызметін бірлескен кәсіпкерлік нысанында жүргізетін дара кәсіпкерлер (БДК), сонымен қатар өзгерістер (басшылардың, жеке меншіктердің, атауының, мекенжайының және басқаралының өзгеруі) туралы ақпараттар келіп түседі.

ҚР ҚМ МКК-дан дара кәсіпкер (ДК) нысанында қызметін жүзеге асыратын тіркелген және дара кәсіпкерлердің есептен шығуы туралы ақпарат келіп түседі.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Статистикалық бизнес-тіркелімінің бір маңызды міндеті әкімшілік дереккөздерден келіп түскен деректер негізінде өзектілендіру болып табылады. СБТ құрамындағы құқықтық (статистикалық) бірліктер және олардың жіктелімдік атрибуттары бойынша өзектілендіру үшін пайдалы болу мүмкін СБТ әкімшілік дереккөздерден деректерді тартуға мүмкіндік береді.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді енгізгенде форматтық-логикалық бақылаулары салынған. «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Уақытша қатарларды түзетуге арналған статистикалық процедуралар және бағдарламалық қамтамасыз етулер қарастырылмаған.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.